

Б.М. Балаубаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті,
Қазақстан, Алматы

Ұлағатты ұстаз, ұлтжанды ғалым

Халықаралық қатынастар мамандығы саласында жұмыс істейтін әр қызметкердің талапқа сай болуы осы факультеттің негізі қаланғандағы басты қағида, үлкен жауапкершілік болды. Бұл қағидаларды іс жүзінде жүзеге асыруда Гүлжаухар Шағатайқызының еңбегін ерекше атап өту қажет. Тарих факультетінің деканы Г.Ш. Жамбатырова профессор Ж.У. Ибрашевпен бірге Мәскеу халықаралық қатынастар институтының оқу жоспарларын жан-жақты қарастырып, соның нәтижесінде университетте алғаш рет тарих факультетінің жанынан халықаралық қатынастар бөлімін, кейіннен халықаралық қатынастар факультетінің негізін қалады. Сол кезде жасалған ерен еңбектер 17 жастағы менің көз алдымда болып жатты. Бірінші рет оқытылатын пәндерге оқу бағдарламалары, типтік бағдарламалар орыс тілінде дайындалып, қазақ тіліне аударыла бастады. Жаңадан құрылып жатқан жас кафедраға ең көрнекті мамандарды таңдап алудағы, еліміздегі жас мамандықты қалыптастырудағы туындаған мәселелерді шешуде Гүлжаухар Шағатайқызы Жарас Омарұлымен кеңесе отырып, үлкен жауапкершілікпен қарады. Кафедраға кандидаттық диссертацияларын Ташкентте қорғаған жас мамандар Қ.Е. Байзақова, Ф.Т. Кукеева, саясаттану мамандығы бойынша кандидаттық диссертацияларын қорғаған М.Ш. Губайдуллина, К.Н. Макашева, И.Л. Бурнашов, И.А. Черных, С.Ж. Сапанов сынды шет тілдерін жетік меңгерген мамандар іріктеліп алынды. Бұл ғалымдар Қазақстандағы жаңа ғылым саласының қалыптасу барысында атсалысқан алғашқы мамандар легін құрады. 1997 жылы халықаралық қатынастар және сыртқы саясат мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғайтын диссертациялық кеңестің ашылуы да тарихи оқиға

болды. Диссертациялық Кеңестің төрағасы профессор Жарас Омарұлы, төраға орынбасары Гүлжаухар Шағатайқызы бекітіліп қызу жұмыс басталып та кетті. Осы диссертациялық кеңестен бірінші болып кандидаттық диссертация қорғаған Гүлжаухар Шағатайқызының алғашқы аспиранты Г.А. Мовкебаева болды. 2003 жылдан бастап бұл диссертациялық кеңес докторлық кеңес дәрежесін алып, қайта құрылды. 1990 жылдардағы ғылым кандидаттары, доценттер бүгінгі күні шетелдерге және елімізге танымал ғылым докторлары, профессорлар болып отыр. Бұл жетістіктерде де Г.Ш. Жамбатырованың үлесі орасан зор екендігі айқын.

Сонымен қатар Гүлжаухар Шағатайқызы қазақ бөлімінде оқитын студенттерді аспирантураға, кейін кафедрада оқытушылық қызметке қалуына жағдай жасап отандық халықаралық қатынастар саласының қазақ тілінде сөйлеуіне аса мән берді. Мұның дәлелі тарих факультетінің жанындағы «халықаралық қатынастар» бөлімінің алғашқы түлектері А.Р. Әліпбаев кафедраға ассистент оқытушы ретінде қалдырылып, М.С. Мырзабеков аспирантураның күндізгі бөлімінде оқуын жалғастырды. Қазіргі кездегі қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарының авторлары, сол кездегі мамандықтың алғашқы қарлығаштары екендігін бүгінгі студенттерге айтқан дұрыс деп ойлаймын. Біз бұдан ғалымның еліміздің болашағына деген сенімін, көрегендігін көре аламыз.

Профессор Ж.О. Ибрашевтің баппен айтқан әр сөзіне мұқият мән беріп, керемет құрметтейтін, қазағымның бар ұлы осындай, білімді, мінезді болса деп студенттерге де үнемі айтып отыратын. Табиғатынан қарапайым профессор Ж.О. Ибрашевтің қарсылығына қарамастан, Жарас Омарұлының барлық шәкірттерінің ба-

сын қосып, 70 жылдық мерейтойын дүркіретіп ұйымдастырған да сол аяулы жан Гүлжаухар Шағатайқызы болатын. Үлкенді ұлықтап өскен ғалым өзінен біраз жас үлкен ғалым, профессор Жарас Омарұлына деген ерекше құрметі және ықыласымен бізге өнеге көрсеткендей.

Гүлжаухар Шағатайқызының басшылығымен факультет университеттегі оқу үлгерімі, бойынша, ғылым саласында, қоғамдық жұмыстарда да үздік көрсеткіштерге ие болды. Университет деңгейінде ұйымдастырылатын қоғамдық шараларға да факультет басшылығы үлкен жауапкершілікпен қарайтын. Соған мысал студенттер сарайы ашылып, сонда бір шараға факультетті таныту үшін арнайы дайындалған арнау оқу қажет болды. Гүлжаухар Шағатайқызы қазақ тіліндегі өлең шумақтарын біраз адамға оқытып, көңілі толмай мені шақыртыпты. Мен таза қазақ тілінде оқыған адаммын ғой, сонда ол кісі айтқан ұсыныстарды қуана қабылдадым. Көркем оқуға, жүрекке жеткізіп, дауысты сәл басып, одан шарықтап көтеріп оқытқызып мені дайындады. Сонда барлық білімді орыс тілінде алып, орысша ортада өскен ғалымның ана тілге деген ерекше ықыласына, тілді сезінуіне, сөздің маңыздылығына аса мән беріп түсініп тұрғанына таңдана отырып куә болғанмын. Мұны Гүлжаухар Шағатайқызына ата-баба қанымен берілген тектіліктің ізгі қасиеттеріне байлаймын.

Факультеттің әр басқан қадамы үшін аянбай еңбектенген ғалым, факультет бірінші рет жеке оқу ғимаратына көшетін болғанда, сол ғимаратты жөндеу жұмыстарында әр кабинеттің қабырғасының, еденінің түсі, есігі қандай болуы керектігіне дейін Эльмира Михаилқызымен талқылап, жіті қадағалап отырды. Біздің факультетке шет елдердің өкілдері көп келетіндіктен, барлығы үйлесімді талғаммен болуына мән берді. Факультет жаңа ғимаратқа 1999 жылы желтоқсанда көшті де 2000 жаңа жылды барлығымыз Гүлжаухар Шағатайқызымен бірге қарсы алып, жаңа ғасыр жаңа оқу ғимаратында болғанымызды жақсылыққа баладық.

Гүлжаухар Шағатайқызы жан-жақтан келіп оқып жатқан факультет студенттерінің анасындай бола білді. Сегізінші наурыз аналар мерекесінде факультет гүлге оранатын. Біз гүл салатын ваза таппай әбігер болып қалатынбыз.

Әрқайсымыз бір тал болсын гүл беруге тырысатынбыз, сол әр тал гүлде ізгі ниеттің, адал көңілдің шынайылығы көрініп тұратын. Бұл сол кездегі факультеттегі сыйластықтың, бір-біріне деген құрметтің ерекше үлгісі деуге болады.

Тәртіп пен талап жас мамандардың қалыптасуында үлкен орын алады. Гүлжаухар Шағатайқызы адамгершілігі мол мамандар тәрбиелей алды және онымен мақтана да білді. Баршаға үлкен-кіші демей қамқор болды. Қандай үлкен ғалым болсаң да, қандай қызметте болсаң да адам қалпыңнан айырылмау керектігін үнемі айтып отыратын. Сіз студентсіз бе, аспирантсыз ба тең дәрежеде ашық жарқын сөйлесетін. Қорықпай нақ сөйлеуге баулитын, өтірік сөзді жақтырмайтын, қандай жағдай болмасын шындықты айтуға шақыратын. Сондықтан Гүлжаухар Шағатайқызы студенттеріне тек білім беріп қана қоймай, дұрыс өмір сүруге тәрбиелеп кеткенін көруге болады.

Гүлжаухар Шағатайқызының пейілінің кеңдігіне, факультеттің әр мүшесіне деген шынайы қарым-қатынасына менің жеке басымнан өткен осы бір оқиғаны мысал ретінде айтқым келеді. Мен тұрмысқа шығар кезде ол кісі ауырып жүрген. Тойдың алдында мені кабинетіне шақырды. Жұмыс бабымен бе деп жүгіріп бардым. Кел, айналайын, жақында сенің тойың мынау менің кішігірім саған деген сыйлығым болсын, сен бақытты отбасы болуың керек деп ақ батасын беріп, ыдыс-аяқ жинағын сыйлады. Үлкен адамнан мұндай күтпеген мен ыңғайсызданып қалдым. Жоқ, апай, сіздің ақ тілеуіңіз де жетеді, бекер әуре болдыңыз ғой дегенімде, жоқ, айналайын, мен ойланып жасап отырмын, бұл әрі үйге қажет және менен естелік болсын деді. Мен ыңғайсыздана алып шықтым. Шықсам қолымдағы үлкен қорапқа бәрі таңғала қарайды. Міне, Гүлжаухар Шағатайқызы осындай болатын! Үлкен-кіші демей айналасындағыларға қалай қуаныш сыйлады ойлайтын. Маңайындағы әрбір жанға мейірін төге қарайтын. Мен Гүлжаухар Шағатайқызы сынды ғалымнан тәлім-тәрбие алып, қарамағында жұмыс жасағанымды қуанышпен, сағынышпен еске аламын. Мұндай ғалымның тәрбиесін көрген студенттер мен аспиранттар арқылы Гүлжаухар Шағатайқызының өнегесі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын таба беретіндігі хақ!